

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 шілдедегі N 785 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 қарашадағы N 1163 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.14. N 353 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ағаш пайдаланудың жеке мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 шілдедегі N 785 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 22, 239-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кеден аумағында тауарларды қайта өндеудің, тауарлардың экспорты мен тауарлардың реэкспортының кеден режимдеріне сәйкес қосымшаға орай ағаш материалдарын, кесілген ағаш материалдарын және сүректен жасалған жекелеген бұйымдарды Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге тыйым салынсын.";

2-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға қосымшада:

м ы н а :

"4401 10 000\*-нан Бөренелер, шөркелер түріндегі отындық сүрек" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"4401 10 000\*-нан Бөренелер, шөркелер түріндегі, оның ішінде шөркелер, шөпшек байламдар түрінде немесе осындай ұқсас түрлерде сексеуілден дайындалған отындық сүрек";

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"4401 30-дан Сексеуіл сүрегінің үгіндісі мен қалдықтары;  
4418 90 900-ден Өзге ағаш конструкциялары: арқалықтар, мэткелер, төбе жабындысының тіректері";

м ы н а :

"4418 40 000 Ағаш құрылыс бұйымдары, бетон құюға арналған

қ а л ы п ; "  
деген жол мынадай редакцияда жазылсын:  
"4418 40 000 Бетон құюға арналған қалып;".

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК